

2026. 13 (2)

# Asian Journal

## "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2026  
© Авторлар ұжымы, 2026

### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Мунинов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026  
© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY


Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 1, pp. 281-295, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_1\\_282-296](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_282-296)

## THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES

*Kairat Musabayev*<sup>1</sup>, *Bagdaulet Sizdikov*<sup>2\*</sup>, *Akmaral Maldybek*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>“QAZAQ ARCHAEOLOGY” Limited Liability Partnership  
(5/40 Shymkent Highway, 161200 Turkistan, Republic of Kazakhstan)  
Research Associate  
 <https://orcid.org/0009-0007-6189-8781>. E mail: [arheolog\\_87@mail.ru](mailto:arheolog_87@mail.ru)

<sup>2</sup>Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University  
(29, Bekzat Sattarkhanov Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)  
PhD, Associate Professor  
 <https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: [bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz](mailto:bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)  
\*Corresponding author

<sup>3</sup>International University of Tourism and Hospitality  
(14B, Rabiga Sultan Begim Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of philosophical sciences, docent  
 <https://orcid.org/0000-0001-5601-3837>. E-mail: [maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz](mailto:maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz)

© Valikhanov IHE, 2026

© Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A., 2026

**Abstract.** *Introduction.* In the article, the issue of determining the historical and geographical location of the medieval city of Suri in the Turkestan region is considered comprehensively. The main sources of research are archeological survey materials, medieval written data, toponymic data, legends and cartographic materials. As a result of field explorations conducted since 2015, an analysis of archaeological sites around the Suri ditch, ancient sewage systems, Koibota settlement and Koktondy Ata mausoleum will be conducted with the possibility of their comparison with the medieval city of Suri. *Goals and objectives* of the research is localization of the city of Suri by means of a complex analysis of the results of archaeological explorations and historical data, confirmation of its correspondence to the town of Koibota, and determination of the tourist potential of the specified monuments. The article scientifically analyzes the origin of the name Suri, historical connections with the Syrian (Sham) region, the role of the Syrian people in the process of the spread of Islam in the Turkestan oasis, and succession from the Khoja Ahmet Yassawi` era. Also in the XVI–XVIII centuries the importance of the city of Suri as a military-strategic, economic and religious center around Turkestan is determined on the basis of historical data. *Results.* The study shows the need for a complex study of the Koibota – Suri settlement, the Suri sewage system, and archaeological strata under the Kokton Ata mausoleum and their protection by the state. *Conclusion.* The possibilities of preservation of the specified objects as historical and cultural heritage and their inclusion in the routes of cultural-cognitive, sacred and historical tourism of the Turkestan region are determined.

**Keywords:** Suri city, Turkestan oasis, archaeological exploration, historical and cultural heritage, sacred tourism, sewage systems, Koibota city, Khoja Akhmet Yassawi

**Acknowledgments.** This article was prepared with financial support from the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under Grant No. AP23490104, “Study of the Information Potential of Religious Tourism Sites in the Turkestan Region: Development of a Multimedia Interactive Atlas in Four Languages.”


**For citation:** Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A. The localization of the medieval city of suri: based on written and archaeological sources// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 282-296. [In Kaz.]. DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_282-296

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ

Қайрат Мұсабаев<sup>1</sup>, Багдаулет Сиздиков<sup>2\*</sup>, Акмарал Малдыбек<sup>3</sup>


<sup>1</sup>«QAZAQ ARCHAEOLOGY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
(5/40-үй, Шымкент тас жолы, 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)

Ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0009-0007-6189-8781>. E mail: arheolog\_87@mail.ru

<sup>2</sup>ҚожаАхмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(29-үй, Бекзат Саттарханов даңғ., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)


PhD, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

\*Корреспондент автор

<sup>3</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті  
(14А-үй, Рабия Бегім көшесі, 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)

Философия ғылымдарының кандидаты, доцент

 <https://orcid.org/0000-0001-5601-3837>. E-mail: maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мұсабаев Қ., Сиздиков Б., Малдыбек А., 2026

**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Түркістан өңіріндегі ортағасырлық Сури қаласының тарихи-географиялық орнын анықтау мәселесі кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі дереккөздерін археологиялық барлау материалдары, ортағасырлық жазба деректер, топонимикалық мәліметтер, аңыз-әпсаналар және картографиялық материалдар құрайды. 2015 жылдан бастап жүргізілген далалық барлау жұмыстары нәтижесінде Сури арығы, көне кәріз жүйелері, Қойбота қалашығы және Көктонды ата кесенесі маңындағы археологиялық нысандарға талдау жасалып, олардың ортағасырлық Сури қаласымен сәйкестену мүмкіндігі ұсынылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – археологиялық барлау нәтижелері мен тарихи деректерді кешенді талдау арқылы Сури қаласының орнын локализациялау, оның Қойбота қалашығымен сәйкестігін дәлелдеу және аталған ескерткіштердің туристік әлеуетін айқындау. Мақалада Сури атауының шығу төркіні, Сирия (Шам) өңірімен тарихи байланыстары, ислам дінінің Түркістан оазисіне таралу үдерісіндегі Сури халқының рөлі және Қожа Ахмет Ясауи дәуірімен сабақтастығы ғылыми тұрғыда сараланады. Сонымен қатар XVI–XVIII ғғ. тарихи деректер негізінде Сури қаласының Түркістан маңындағы әскери-стратегиялық, шаруашылық және діни орталық ретіндегі маңызы айқындалады. Нәтижелер. Зерттеу барысында Қойбота – Сури қалашығын, Сури кәріз жүйелерін және Көктонды ата кесенесі астындағы археологиялық қабаттарды кешенді түрде зерттеу және оларды мемлекет қорғауына алу қажеттігін көрсетеді. *Қорытынды.* Аталған нысандарды тарихи-мәдени мұра

ретінде сақтау және Түркістан өңіріндегі мәдени-танымдық, сакралды және тарихи туризм маршруттарына енгізу мүмкіндіктері айқындалады.

**Түйін сөздер:** Сури қаласы, Түркістан оазисі, археологиялық барлау, тарихи-мәдени мұра, сакралды туризм, кәріз жүйелері, Қойбота қалашығы, Қожа Ахмет Ясауи

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды және «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды (AP23490104).


**Дәйексөз үшін.** Мұсабаев Қ., Сиздиков Б., Малдыбек А. Ортағасырлық сури қаласының локализациясы: жазба және археологиялық деректер негізінде// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 282-296 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_282-296

## ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ


*Кайрат Мусабаев<sup>1</sup>, Багдаулет Сиздиков<sup>2\*</sup>, Акмарал Малдыбек<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Товарищество с ограниченной ответственностью «QAZAQ ARCHAEOLOGY»  
(д. 5/40, Шымкентское шоссе, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)

Научный сотрудник

 <https://orcid.org/0009-0007-6189-8781>. E mail: arheolog\_87@mail.ru


<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Кожаахмет Ясауи  
(д. 29, просп. Бекзата Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)  
PhD, ассоциированный профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

\*Автор-корреспондент

<sup>3</sup>Международный университет туризма и гостеприимства  
(д. 14В, ул. Рабия Бегим, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)

Кандидат философских наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0001-5601-3837>. E-mail: maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Мусабаев Қ., Сиздиков Б., Малдыбек А., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье комплексно рассматривается вопрос определения историко-географического положения средневекового города Сури в Туркестанском регионе. Основными источниками исследований являются материалы археологической разведки, средневековые письменные данные, топонимические данные, легенды и картографические материалы. В результате полевых разведочных работ, проводимых с 2015 года, будет проведен анализ археологических объектов вокруг арыка Сури, древних канализационных систем, городища Койбота и мавзолея Коктонды Ата с возможностью их сопоставления с средневековым городом Сури. *Цель и задачи исследования* – локализация города Сури путем комплексного анализа результатов археологических разведок и исторических данных, подтверждение его соответствия городищу Койбота и определение туристского потенциала указанных памятников. В статье научно проанализированы происхождение названия Сури, исторические связи с Сирийским (Шамским) регионом, роль сурийского народа в процессе распространения ислама в Туркестанском оазисе и преемственность с эпохой Ходжи Ахмеда Ясауи. Также XVI–XVIII вв. на основе исторических данных определяется значение города Сури как военно-стратегического, хозяйственного и религиозного центра вокруг Туркестана. *Результаты.* Исследование показывает необходимость комплексного изучения городища

Койбота – Сури, систем канализации Сури и археологических пластов под мавзолеем Коктон Ата и взятие их под охрану государства. *Заключение.* Определяются возможности сохранения указанных объектов как историко-культурного наследия и их включения в маршруты культурно-познавательного, сакрального и исторического туризма Туркестанского региона.

**Ключевые слова:** Город Сури, Туркестанский оазис, археологическая разведка, историко-культурное наследие, сакральный туризм, канализационные системы, Город Койбота, Ходжа Ахмед Ясави

**Благодарность:** Статья подготовлена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового проекта AP23490104 «Исследование информационного потенциала объектов религиозного туризма Туркестанской области: разработка мультимедийного интерактивного атласа на четырех языках».


**Для цитирования:** Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. Локализация средневекового города сури: на основе письменных и археологических свидетельств // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 282-296. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_282-296

### Кіріспе

Түркістан өңірі Еуразия кеңістігіндегі ежелгі өркениеттер тоғысқан, ортағасырлық қалалық мәдениет пен ислам өркениетінің ірі орталықтарының бірі болып табылады. Бұл аймақтың тарихи-мәдени ландшафты Қожа Ахмет Ясауи мұрасымен, көне қалалар жүйесімен, суару және кәріз инфрақұрылымымен тығыз байланысты. Соған қарамастан, Түркістан маңындағы бірқатар ортағасырлық қалалардың нақты орналасуы, қызметтік маңызы және тарихы әлі күнге дейін ғылымда толық айқындалмаған мәселелердің қатарында қалып отыр. Солардың бірі жазба деректерде, аңыздар мен топонимикалық мәліметтерде жиі аталатын Сури қаласы. Сури қаласы туралы мәліметтер ортағасырлық авторлар еңбектерінде, Қожа Ахмет Ясауи өміріне қатысты аңыздарда және XV–XVIII ғғ. жататын тарихи-географиялық сипаттамаларда кездеседі (Сурет 1) (Тұяқбаев және т.б., 2015). Алайда бұл қаланың нақты орны жөнінде зерттеушілер арасында бірізді пікір қалыптаспаған. Бірқатар ғалымдар Суриді Түркістанның оңтүстік-шығыс немесе оңтүстік-батыс бөліктерімен байланыстыра қарастырса, басқа зерттеулерде оның Ясы мен Отырар аралығында орналасуы мүмкін екені айтылады. Археологиялық тұрғыдан алғанда да Сури қаласына телінетін ескерткіштің нақты анықталмауы бұл мәселенің өзектілігін арттыра түседі.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында тарихи-мәдени мұраны сақтау, оны ғылыми тұрғыда негіздеу және туризм саласына тиімді енгізу мәселесі мемлекеттік деңгейде маңызды бағыттардың біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістан өңіріндегі ортағасырлық қалаларды, соның ішінде Сури қаласын анықтау мен зерттеу тек тарихи-археологиялық маңызға ғана емес, мәдени-танымдық және сакралды туризмді дамыту тұрғысынан да өзекті болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты археологиялық барлау материалдары, жазба деректер, топонимикалық және картографиялық мәліметтерді кешенді талдау арқылы ортағасырлық Сури қаласының тарихи-географиялық орнын анықтау және оның Түркістан өңірінің тарихи-мәдени кеңістігіндегі орнын айқындау. Зерттеудің негізгі міндеттеріне Сури атауының шығу төркінін талдау, Қойбота қалашығы мен Сури арығы, кәріз жүйелері арасындағы кеңістіктік байланысты анықтау, сондай-ақ аталған нысандардың тарихи және туристік әлеуетін ғылыми тұрғыда бағалау жатады.

Мақаланың ғылыми жаңалығы археологиялық барлау нәтижелері мен тарихи деректерді салыстырмалы түрде талдау негізінде Қойбота қалашығын ортағасырлық Сури қаласының ықтимал орны ретінде қарастыруында, сондай-ақ бұл нысандарды біртұтас тарихи-мәдени кешен ретінде зерделеу қажеттігін негіздеуде болып табылады. Зерттеу нәтижелері Түркістан өңірінің тарихи-мәдени мұрасын кешенді зерттеуге, сондай-ақ аймақтың мәдени және сакралды туризм әлеуетін арттыруға бағытталған ғылыми ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді.



Сурет 1 – Сури қаласының орналасу картасы  
[Figure 1 – Location map of the city of Suri]

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының деректік негізін археологиялық барлау материалдары, ортағасырлық және жаңа дәуір жазба деректері, топонимикалық мәліметтер, тарихи карталар мен спутниктік бейнелер, сондай-ақ ауызша тарихи деректер (аңыздар, шежірелік мәліметтер) құрайды.

Негізгі археологиялық материалдар 2015 жылдан бастап «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімінің қызметкерлері жүргізген далалық барлау жұмыстары барысында жиналды. Зерттеу нысандарына Түркістан қаласының оңтүстік-шығыс және шығыс бөліктерінде орналасқан Елутөбе обалар қорымы, Сури (Сүйір), Жалпақсүйір және Қостөбе арықтары, Қойбота қалашығы, Көктонды ата кесенесі маңындағы қоныс орындары, сондай-ақ көне кәріз жүйелерінің іздері енді. Барлау барысында жер бетінде байқалатын архитектуралық қалдықтар, мәдени қабаттардың сақталу деңгейі және керамикалық материалдар тіркеліп, салыстырмалы талдауға алынды.

Жазба деректер ретінде араб, парсы және орыс тілдеріндегі тарихи еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда, ал-Мақдиси, Хафиз Таныш Бұхари, Васафи, П.И. Рычков, А.И. Добромислов, сондай-ақ XX–XXI ғасырлардағы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері талданды. Бұл деректер Сури қаласының атауы, орналасуы, әскери-стратегиялық маңызы және Түркістан өңіріндегі тарихи оқиғалармен байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Топонимикалық талдау әдісі арқылы Сури, Сүйір, Қойбота, Найсаб ата, Көктонды ата сияқты жер-су атауларының тарихи қалыптасуы мен семантикалық мағынасы зерттелді. Аталған атаулар археологиялық нысандармен және жазба деректермен салыстырыла отырып, Сури қаласының ықтимал локализациясын айқындауға пайдаланылды.

Картографиялық және геоақпараттық әдістер зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болды. 1951, 1953 және 1980 жылдардағы топографиялық карталар, аэрофототүсірілімдер мен заманауи спутниктік бейнелер салыстырмалы түрде қарастырылып, көне суару жүйелерінің бағыттары, қалашықтардың орналасуы және ландшафттық ерекшеліктері анықталды. Бұл

тәсіл Сури арығы мен кәріз жүйелерінің Қойбота қалашығымен кеңістіктік байланысын айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар зерттеу барысында тарихи-генетикалық, салыстырмалы-тарихи және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Ауызша тарихи деректер мен жергілікті тұрғындардың естеліктері жазба және археологиялық материалдармен салыстырылып, деректердің шынайылық деңгейі бағаланды. Зерттеу нәтижелерін мәдени-танымдық және сакралды туризм тұрғысынан интерпретациялау үшін тарихи-мәдени мұра объектілерін кешенді бағалау тәсілі пайдаланылды.

### Талқылау

Зерттеу жұмысымыздың барысында археологиялық деректерді жазба және ауызша тарихи деректермен салыстырмалы түрде талдай отырып «Сури» атауымен белгілі болған көне қала орнының локализациясын анықтауға бағытталды. Бұл атау ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи өмірі мен қызметіне байланысты аңыздық деректерде кездеседі (Тұяқбаев және т.б., 2015). Аңыз желісінде Сури қаласының тұрғындары мен Қожа әулетінің егін суына байланысты жанжалы барысында Қожа Ахмет Ясауидің ұлы Ибраһимнің қаза тапқаны баяндалады.

Қазіргі таңда Сури топониміне қатысты бірізді тұжырым қалыптаспаған. Зерттеу барысында атауды Таяу Шығыстағы ежелгі Сури тайпасының этнонимімен байланыстыру гипотезасы қарастырылды. Бұл жорамал Орта Азия мен Алдыңғы Азия арасындағы көне мәдени-этникалық байланыстарды ескере отырып ұсынылады, алайда ол археологиялық және тарихи деректер арқылы қосымша дәлелдеуді қажет етеді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары Сури қаласының ықтимал орнын анықтауға бағытталған алғашқы археологиялық қадам ретінде бағаланады.

Сури атауының шығу тегі мен тарихи мәнін айқындауда К. Матвеев пен А. Сазоновтың еңбегі маңызды зерттеулердің бірі саналады. Авторлар көне Сури қаласының орнын Евфрат өзеніне құятын Хабур өзені бойында орналасқандығын атап өтеді. Олардың пайымдауынша, қазіргі Сирия аумағында орналасқан Сувар қаласы көне Сури қаласының орны болып табылады және дәл осы атаудан «Сирия» елінің атауы қалыптасқандығын баяндайды (Матвеев, Сазонов, 2004). Бұл тұжырым Сури атауының Алдыңғы Азиямен, нақтырақ айтқанда Сирия өңірімен тікелей байланысы болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Аталған тарихи-географиялық интерпретация Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыздық деректермен де жанама түрде ұштасады. Деректерде Ясауидің жалғыз ұлы Ибраһимнің Сури халқымен байланысты жанжал барысында қаза тапқаны баяндалады. Осы оқиғадан кейін айтылған: «Алысымның жақыны – Шам халқы (Дамаск), жақынымның алысы – Сүйірлі халқы» деген сөз археологиялық-тарихи тұрғыдан маңызды семантикалық мәнге ие. Бұл жерде Ясауидің алыстағы Шам (Сирия, Дамаск) халқын туыс ретінде қабылдап, ал өзіне жақын орналасқан, бірақ Сириядан келген Сури қауымын қарсы тарап ретінде қарастырғаны байқалады. Мұндай жіктеу Сури атауының этникалық немесе қоныс аударушы топпен байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл пайымдауды Н. Ондасыновтың зерттеулері қуаттай түседі. Ғалым сөздіктің «Жер-су аттары (топонимдер)» атты қосымша бөлімінде «Сури» атауын «сириялық», «шамдық» мағынасында түсіндіреді (Ондасынов, 1969: 205). Бұл дерек Сури сөзінің этнонимдік әрі географиялық мазмұнға ие болғанын дәлелдейді.

Сури/Сүйір атауының кең географиялық таралуын Ш. Әшімұлының Әзиз Әулиелер атты еңбегінде келтірілген мәліметтер де растайды. Автор Қаратау жотасының ішкі бөлігінде орналасқан, Қызылорда обалысының Жаңақорған ауданына қарасты Құттықожа ауылының солтүстік шығысында 15 км қашықтықта орналасқан Қарасүйір атты биік тау мен осы атаумен белгілі болған көне қала туралы аңызды баяндайды (Әшімұлы, 2021: 26–27). Қаратаудағы Қарасүйір ескерткішінде қола дәуірінен ерте ортағасырлар аралығына жататын жерлеу орындар шоғарланғандығы С. Мургабаев зерттеулерінде кеңінен баяндалған (Мургабаев және т.б., 2014: 23–29). Бұл деректер «Сүйір» атауының тек ортағасырлық емес, одан да ертерек кезеңдерде қолданылғанын аңғартады.

Сонымен қатар ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы Түркістан өңіріндегі 62 мешіттің бірінің «Сүйір мешіті» деп аталуы бұл атаудың діни-мәдени кеңістікте де орныққанын көрсетеді (Мұсабаев, 2022: 171–184). Осы тұрғыдан алғанда, «Сүйір» атауын бүгінгі Түркістанның оңтүстік-шығыс бөлігін кесіп өтетін Сури арығының атауымен сәйкестендіру қисынды болжам болып табылады.

Тарихи-археологиялық контексте бұл атаулар VIII ғасыр басындағы саяси жағдаймен де тығыз байланысты. Осы кезеңде Шауғар аймағы (Түркістан оазисі) Түргеш қағанаты құрамына еніп, оның билік аймағы Сырдарияның орта ағысына дейін жеткен. Дәл осы уақытта Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға араб шапқыншылығы басталды (Қайыркен, Ильясова, 2020: 242–252). 3. Жандарбектің Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы атты еңбегінде келтірілген деректеріне сәйкес, «Насаб-нама» дәстүрінде Түркістан жеріне исламды алғаш әкелген тұлғалар ретінде Мұхаммад ибн ал-Ханафиййа ұрпақтары - Исхақ баб, Абд ар-Рахим баб, Абд ал-Жалил бабтардың 774–776 жылдары келгені айтылады (Жандарбек, 2002: 54–124). Бұл деректер исламның Түркістан аймағына енуінің негізгі бағыттарының бірі Сирия – Шам өңірімен байланысты болғанын көрсетеді.

Оңтүстік Қазақстандағы араб шапқыншылығының археологиялық іздері археолог ғалымдар жан-жақты зерттеген. Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша Кутейба ибн Муслим бастаған араб жасақтарының Сырдария алқабына жасаған жорықтары нәтижесінде бірқатар қалаларда өрт қабаттары пайда болғаны айтылады (Байпаков, 1985: 54–124; Смагулов, 2004: 103–113; Сиздиқов т.б., 2025: 5–6). Бұл деректер Түркістан оазисіндегі археологиялық зерттеулермен де дәлелденген. Атап айтқанда, Сидак ата қалашығында жүргізілген қазбалар барысында цитадельдің жоғарғы құрылыс қабатында күшті өрт іздері анықталған. Табылған Хусрав чеканкасына жататын мыс тиынға сүйене отырып, бұл өрт VIII ғасырдың екінші ширегінде, араб әскерлерінің әрекеттерімен байланысты болғаны болжанады (Байпаков, Азимхан, 2013: 123–124). Осындай археологиялық деректер Майбалық, Күлтөбе, Жүйнек қалаларынан да белгілі. Сонымен қатар Қарнақ елді мекеніндегі имам Бахли (Кутейба ибн Муслим ал-Бахили) кесенесі мен исламды тарату жолында қаза тапқан Шопар ата, Шейх Мұхаммед Тәкиә ата, Хайридин ата, Укаша ата әулие мазараттары араб жорықтарының тарихи-діни іздерін көрсететін маңызды нысандар болып табылады (Хашимов, 2001: 145–146).

### Нәтиже

Археолог мамандардың назарын аудартқан негізгі дерек - XVI ғасыр тарихшысы Хафиз-и Таныш Бұхаридің «Шараф-нама-йи шахи» атты еңбегінде келтірілген мәлімет болды. Онда Абдолла хан II 1582 жылы Түркістанды жаулап алу мақсатында жорық жасап, Сури деп аталатын жерде әскери лагерь тіккені нақты баяндалады (Байпаков, Азимхан, 2013: 44). Аталған дерек Сури атаулы нысанның географиялық орнын археологиялық тұрғыдан анықтауға негіз болып, Сури арығы бойында кешенді барлау жұмыстарын жүргізу қажеттігін туындатты. Барлау жұмыстары барысында 1951 және 1953 жылдардағы топографиялық карталар, 1980 жылғы аэрофото негізіндегі карталар, қазіргі спутниктік түсірілімдер және дрон түсірілімдері өзара салыстырмалы түрде талданды. Картографиялық деректер Сүйір (Сури) арығының Құшата маңындағы бұлақтардан бастау алатынын көрсетеді. Арықтың бір саласы Арыс-Түркістан каналы арқылы өтіп, канал түбімен қала бағытына бұрылып, қалаға жетпей басқа су арнасына қосылады. Бұл гидротехникалық жүйе ортағасырлық суармалы егіншілік пен қала инфрақұрылымының дамығанын көрсетеді.

Түркістан-Шымкент автожолынан шамамен 2,5 км жерде, Қостөбе Сури арығының батысқа қарай бағытталған саласының аяқталу тұсында Төрткүлтөбе – Сури (Сүйір) деп шартты түрде белгіленген қала орны тіркелді. Ол ортағасырлық Түркістаннан оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 6 км жерде орналасқанымен, бүгінге дейін жүйелі археологиялық қазба жүргізілмеген (Тұяқбаев т.б., 2011). Карта және дрон түсірілімдерін салыстыру нәтижесінде бұл нысан карталарда Ақтөбе деп көрсетілген табиғи төбеге сәйкес келетіні анықталды. Алайда осы аумақта бұрын жүргізілген зерттеулерде бұл төбе Тасанақ (Ташанақ) атауымен белгіленген. Т.ғ.д., профессор М. Елеуов сипаттаған Тасанақ қонысы (28×28 м,

биіктігі 2 м) VI–VIII ғасырларға жататын шағын елді мекен болып шықты (Елеуов, 2006: 163–170). Көлемі мен хронологиясы жағынан бұл нысан ортағасырлық Сури қаласына сәйкес келмейтіндігі белгілі болды.

Алдыңғы нысандар Сури қаласына сәйкес келмегендіктен, барлау жұмыстары Жалпақсүйір және Сүйір арықтарының жоғарғы бөліктерінде, нақтырақ айтқанда Шобанақ елді мекені маңында жалғастырылды. Спутниктік және дрон түсірілімдерін талдау нәтижесінде Түркістан қаласынан шығысқа қарай шамамен 700 м жерде қорған қабырғасы бар, шығыс қақпасы айқын байқалатын, цитаделі жақсы сақталған ірі қала орны анықталды (Сурет 2, 3). Бұл нысан карталарда «Курган Коибота» деп белгіленген төбе екені белгілі болды. Аталған қала қорғанының шығыс қақпасының солтүстік мұнарасы үстінде темірмен қоршалған мазар орны тіркелді. Ауызша деректерге сәйкес, бұл бейіт 2000 жылы Көктонды әулие кесенесінің шырақшысы болған марқұм Әзиз Әбсәметов тарапынан қоршалғандығы анықталды. Жергілікті Шобанақ ауылының ақсақалдары бұл мазарды «Ғайып ата» әулиеге телиді. Халық аңызы бойынша, көне заманда осы өңірде бір аңшы елінен шығып, осы маңда адасып, ғайып болғандықтан, бейіт иесі Ғайып ата атанған. Демек, мазар орналасқан төбе жеке культтік орын ғана емес, ортағасырлық қала құрылымының, нақтырақ айтқанда қорған жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.




Сурет 2 – Сури қаласының әуеден көрінісі  
[Figure 2 – Aerial view of the city of Suri]

«Койбота» атауының семантикасына келер болсақ, оны Қожа Ахмет Ясауи заманына, яғни XII ғасырға жатқызуға толық негіз бар. Кейінгі кезеңдерде тілдік-этимологиялық өзгерістер нәтижесінде «Койбота» атауының Қайбата → Қайып ата → Ғайып ата формаларына ауысуы ықтимал. Мұндай трансформациялар әулие аттарында жиі кездесетін құбылыс және тарихи тұлғаның бастапқы есімінің ұмытылып, оның орнына культтік лақап аттың орнығуымен түсіндіріледі. Бұл тұжырымды Ш. Әшімұлы жинақтаған аңыздық деректер де жанама түрде қуаттайды. Аңыздарда ислам дінін насихаттау жолында Қожа Ахмет Ясауимен замандас өмір сүрген Қазата мен Қайып аталардың Қаратау өңіріне келіп тұрақтағаны баяндалады. Құран сүрелері мен аяттарын, сондай-ақ Мұхаммед пайғамбар хадистерін жатқа білген бұл тұлғалар жергілікті халық арасында ерекше құрметке ие болып, пір тұтылған әулиелер деңгейіне көтерілгені айтылады (Әшімұлы, 2021: 232–237).

Осылайша, Қойбота төбесіндегі мазарды археологиялық тұрғыдан екі кезеңге жатқызуға болады. Бастапқыда ортағасырлық қаланың қорғаныс құрылымының бір бөлігі, кейінгі кезеңде әулие культімен байланысты жерлеу орны. Бұл жағдай Қойбота - Сури қалашығының тек әкімшілік-әскери орталық қана емес, сонымен қатар сопылық-діни дәстүрлермен тығыз байланысты сакралды кеңістік болғанын көрсетеді.

Бүгінгі Оранғай ауылының батыс бөлігінде Қазтөбе деп аталатын көне қалашық орны белгілі. Сонымен қатар Түркістан өңірінің картографиялық материалдарында Қойбота төбесінің оңтүстік-шығысында Найсап ата атауымен белгілі арық пен сай атауы тіркелген. Бұл топонимдік атау (Найсап, Найсаб, Найсабата) Құшата әулие жөніндегі аңыздық деректерде де кездеседі.

«Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, эпсана, хикаялар» атты еңбекте келтірілген мәліметтерге сәйкес, қазіргі таңда Құшата ауылы аумағында Найсабата деп аталатын елді мекен (төбе) бар екені айтылады (Қорғанбеков, 2014: 122). Бұл деректер археологиялық-тарихи тұрғыдан Қожа Ахмет Ясауи шәкірттерінің Яссы (Түркістан) қаласының маңындағы бірқатар қоныстарда сопылық исламды тарату барысында сол өңірлерде тұрақтап қалғанын аңғартады. Топонимдер арқылы сақталған мұндай атаулар діни тұлғалардың қызмет еткен аумақтарын реконструкциялауда маңызды дереккөз болып табылады.



Сурет 3 – Сури қаласының топографиялық жобасы  
[Figure 3 – Topographic plan of the city of Suri]

Сонымен бірге, Қойбота қалашығының шығыс қақпасының солтүстік мұнарасына жерленген мүрденің қаланың белсенді өмір сүру кезеңінен кейін, яғни қала құлдырап, тұрғындары көшіп кеткен соң жерленгені анық байқалады. Ауызша тарихи деректерге сүйенсек, 1938 жылы Оранғай мен Шобанақ ауылы маңында «халық жауы» ретінде айыпталған бес адам ату жазасына кесіліп, қазіргі Қойбота деп аталатын борпылдақ төбеге жерленген. Солардың бірінің қабірі бүгінгі күні темірмен қоршалған солтүстік мұнара үстіндегі мазарға сәйкес келеді. Осы деректі әкесі Масайтов Мүтеннің (1905 ж.т.) естеліктеріне сүйене отырып Мүденов Бабаһ (1941 ж.т.) жеткізеді (Мұсабаев, 2022: 171–184).

Мазардың халық арасында Ғайып ата деп аталып, әулие ретінде құрметтелуінің басты себебі жерлеу оқиғасына қатысты нақты тарихи есімнің ұмытылып, оның орнына аңыздық-мифологиялық сипаттағы атаудың орнығуымен түсіндіріледі. Мұндай құбылыс Оңтүстік Қазақстандағы көптеген культтік орындарға тән. Әдетте «Ғайып ата» атауы нақты тұлғаның есімі емес, оның тағдырына байланысты қалыптасқан лақап ат ретінде сақталады.

Мәселен, бүгінгі Бабайқорған ауылының ортасында орналасқан Ғайып ата әулиенің жерасты мекені де осыған ұқсас аңызбен байланыстырылады: аңыз бойынша, әулие сол жерге кіріп ғайып болған. Алайда тарихи деректерде бұл тұлғаның шын есімі Сунақ руынан шыққан Әмір екені көрсетіледі (Тұяқбаев т.б., 2014). Қойбота қалашығынан солтүстікке қарай шамамен 2 км қашықтықта орналасқан Көктонды әулие мазарының иесі ретінде танылған тұлғаның шын есімі имам Марғузи екені ғылыми ортада ғана мәлім дерек болып табылады (Мұсабаев, 2022: 171–184). Бұл жайт Түркістан оазисіндегі бірқатар әулиелердің тарихи есімдері кейінгі кезеңдерде культтік атаулармен алмастырылып, аңыздық сипатта сақталғанын көрсетеді. Аталған тұлғалардың барлығы дерлік ортағасырлық кезеңде ислам дінін, әсіресе сопылық бағытты Түркістан өңірінде таратуда елеулі рөл атқарған діни тұлғалар ретінде қарастырылады.

Осылайша, Қойбота қалашығындағы Ғайып ата мазары археологиялық тұрғыдан қаланың бастапқы кезеңімен емес, кейінгі тарихи-әлеуметтік оқиғалармен байланысты жерлеу орны ретінде қарастырылуы тиіс. Ал топонимдік және аңыздық деректер бұл өңірдің сопылық ислам тарихындағы орны мен Қожа Ахмет Ясауи дәстүрімен сабақтастығын айқындай түседі.

Археологиялық зерттеу жұмыстары барысында Қойбота қалашығының нақты географиялық орны анықталды N 43°19'26,91" E 68°21'23,82" теңіз деңгейінен биіктігі 233 м. Қалашық төбесінің үстіңгі қабатынан жиналған керамика сынықтары типологиялық және технологиялық белгілері бойынша ортағасырлық Түркістан (Ясы) қаласының керамикалық кешеніне толық сәйкес келеді (Сурет 4). Бұл дерек Қойботаның дамыған қалалық мәдениетке тән ескерткіш екенін және оның ортағасырлық Түркістанмен тығыз байланыста болғанын көрсетеді.



Сурет 4 – Сури қаласының орнынан жинақталған сыз ыдыстың бөліктері  
[Figure 4 – Fragments of a vessel collected from the site of the city of Suri]

Осы материалдарға сүйене отырып, Қойбота қалашығын XVI ғасыр жазба деректерінде кездесетін Сури қаласымен сәйкестендіруге ғылыми негіз бар деп есептейміз. Бұл тұжырымды бірнеше фактор растайды. Біріншіден, археологтар ұзақ уақыт бойы Шойтөбе–Шауғар қаласын және оның маңайын зерттей отырып, Сури қаласын сол өңірден іздегенімен, нақты

археологиялық дәлелдер анықталмаған. Екіншіден, Әзірет Сұлтан қорық-музейі құрамында ұзақ жылдар қызмет атқарған, 1950-жылдардан бастап бас сақтаушы, ал 1979–1985 жылдары музей директоры болған О. Дастановтың ел аузынан жинаған мәліметтері ерекше назар аударады. Оның дерегінде Гауһар ана өлер алдында: «Мені інім Ибраһим шайхтың қаны төгілген жерге қойыңдар» деп өсиет қалдырғаны айтылады (Тұяқбаев және т.б., 2011: 2). Бұл мәлімет Қойбота – Сури қалашығының тек әкімшілік-әскери орталық қана емес, Қожа Ахмет Ясауи әулетіне және оның айналасындағы діни-рухани оқиғаларға тікелей қатысы бар сакралды кеңістік болғанын аңғартады. Демек, Қойбота қалашығы Сури қаласының ықтимал локализациясы ретінде әрі археологиялық, әрі тарихи-деректік тұрғыдан жан-жақты зерттеуді қажет ететін маңызды ескерткіш болып табылады.

Ортағасырлық Сури қаласының орналасуын анықтау мәселесі отандық археологияда көптен бері талқыланып келеді. Бұл тұрғыда т.ғ.д., академик К.М. Байпақовтың зерттеулері айрықша маңызға ие. Автор араб географы ал-Макдисидің Испиджаб округі қалаларының тізімінде Шур атты қаланың аталғанын, ал шамамен екі жарым ғасыр өткен соң Гетум патшасының саяхатында бұл атаудың Сури – Саври түрінде Ясы (Осон) мен Отырар арасындағы қала ретінде көрсетілгенін жазады. Кейінгі XVII ғасыр деректерінде Сури Түркістан маңындағы жер атауы әрі елді мекен ретінде сипатталады. Байпақов Сури қаласын локализациялауды жеңілдететін фактор ретінде осы атаумен үндес Сор-төбе қалашығының Түркістаннан 12 км оңтүстік-батысқа қарай орналасуын атап өтеді (Байпақов, 1977: 201–209). Бұл көзқарасты т.ғ.д., профессор М.Қожа да қолдап, «Ахмет Ясауи есімімен байланысты тарихи орындар» атты еңбегінде Хафиз-и Таныш Бұхари деректеріне сүйене отырып, Суриді Ясы мен Отырар арасынан іздеу қажет екенін алға тартады (Қожа, 2008: 96–99).

Алайда Түркістан өңірінде жүргізілген кейінгі археологиялық зерттеу жұмыстары барысында Сор-төбе атты қала орны нақты анықталмады. Сонымен қатар К.М. Байпақовтың еңбектеріндегі локализациялық деректерде белгілі бір қайшылық байқалады. Зерттеуші ғалым бір еңбегінде Сор-төбені Түркістаннан 12 км оңтүстік-батысқа орналастырса, келесі бір еңбегінде оны Түркістаннан 15 км шығысқа қарай жатқан төбемен теңестіреді (Байпақов, Нұржанов, 1992: 81). Қашықтықты нақты есептеген жағдайда бұл нүкте қазіргі Жоғары Ташанақ аумағына сәйкес келеді. Демек, автордың алғашқы еңбегінде географиялық бағытты (оңтүстік-батыс / оңтүстік-шығыс) көрсету барысында техникалық қате жіберілуі ықтимал. 2010 жылы К.О.Жолдасов, К.Ч.Медоев және Л.С.Бейсембаевалар Түркістан қаласының тарихи орталығын қорғау аймағына түзету жобасын дайындау барысында Сури атауын Елутөбе ескерткішіне теліген. Алайда бұл нысан да біз қарастырып отырған Сури қаласына сәйкес келмейді, себебі аталған аумақтағы қалашықты К.А.Ақышев 1980 жылы зерттеп, оны б.з. II–V ғғ., яғни исламға дейінгі кезеңге жатқызған. Егер Сури қаласы шын мәнінде Түркістанның оңтүстік-шығысында болып, кейін егістік астында жойылған болса, кем дегенде спутниктік түсірілімдерден қамал қабырғасының іздері байқалуы тиіс еді. Мұндай белгілердің болмауы бұл болжамды әлсіретеді.

Қойбота қалашығын Сури қаласымен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін маңызды деректердің бірі Қожа Ахмет Ясауидің ұлы Ибраһим шайхтың шейіт болған және жерленген орнын анықтауға қатысты мәліметтер. 1998 жылы «Әзіреті Түркістан» газетінде Илияс Жолдасұлы Ибраһим шайхтың қабірінің жойылу қаупі туралы мәселе көтеріп, оның шейіт болған жері қала ішіндегі «Айгөлек» балабақшасы маңында белгіленіп қалғанын жазады. Бұл деректі сол маңда тұрған зейнеткер ұстаз С.Әбсаттаров растаған.

Екінші дерек бойынша, сүйегі жерленген орын І.Жансүгіров көшесіндегі № 17 үй аумағына сәйкес келеді. Бұл туралы І.Жолдасұлы көне куәгерлер Әліш молда мен Нұғман қожаның аманатын келтіреді (Мұсабаев, 2022: 171–184). Қаланың тағы бір тұрғыны Оразбай Нажимов (Қожа руы) ескі теріге сызылған карталарда Шобанақ маңында үш қорған болғанын: Көктонды, Қойбота-Сури және Түркістан қыш зауыты маңындағы шағын қонысты көрсетеді (Мұсабаев, 2022: 171–184). Осы деректер негізінде «Әзірет Сұлтан қорық-музейі» әкімшілігінің шешімімен археолог Т.Өсеров 2010 жылы аталған аумақта қазба жұмыстарын жүргізіп, Ибраһим шайхқа қатысты археологиялық-ландшафтық белгілерді тіркеді.

О. Дастановтың мәліметтері бойынша, Ибраһим шайх Түркістанның оңтүстік-шығысында емес, шығыс бағытында Сури арығының қалаға қарай ағатын сағасына жақын маңда қайтыс болған. Бұл дерек Қойбота-Сури қалашығын XII–XVI ғасырлардағы діни-тарихи оқиғалармен тікелей байланыстырады.

Біздің пайымдауымызша, II Абдолла хан XVI ғасырда Сури арығы бойындағы Қойбота қаласын Түркістанды алу жолындағы негізгі әскери база ретінде пайдаланған. Ұзақ жол жүріп келген көп санды әскер үшін дайын қорғанысы бар, суы мол, кәріз жүйесі тартылған қала стратегиялық тұрғыдан аса қолайлы болған. Себебі II Абдолла хан соғыс тактикасы мен географиялық орналасуларды жетік меңгерген басшылардың бірі болған (Хафиз Таныш Бухари, 1989: 12–13). Сонымен қатар шығыс бағыттан Түркістанды бақылау Шауғар маңына карағанда әлдеқайда тиімді еді.

XVIII ғасыр деректерінде П.И. Рычков Сури қаласын Түркістаннан 8 км жерде, 70 отбасынан тұратын елді мекен ретінде көрсетсе (Рычков, 1887), А.И. Добромислов бұл қашықтықты 6 км деп нақтылайды (Добромислов, 1912: 14). Бұл мәліметтер Қойбота қалашығының орналасуымен толық сәйкес келеді. Сондай-ақ Е. Смирнов еңбектерінде Шобанақ маңындағы Сури кәрізі туралы нақты деректер келтіріледі: XIX ғасыр соңында бұл кәріз 50-ге жуық құдықтан тұрып, егін шаруашылығын қамтамасыз еткен (Смирнов, 1887: 118–120). Қазіргі уақытта аталған кәріз жүйесінің орны жер бедерін тегістеу нәтижесінде жойылып, XX ғасырда Әбсадық есімді жергілікті тұрғын салған су диірменінің арығына айналғаны анықталды. Алайда кәріз жүйесіне тән жерасты құдықтарының сақталуына байланысты су толық ағып өтпей, жерге сіңіп кеткен, соның салдарынан диірмен ұзақ уақыт жұмыс істемей қалған. Бүгінгі таңда кәріз бен диірменнің орны ойлы-қырлы бедер түрінде сақталып, шаруашылық мақсатта пайдаланылып, көлік жүретін жолға айналған.

Ғылыми әдебиеттерде мұндай кәріз (қанат) жүйелерінің бар екені бұрын негізінен XVI ғасыр деректерінде ғана, атап айтқанда Васифи еңбектерінде Сауран қаласы төңірегімен шектеліп келгені белгілі (Байпақов, Смағұлов, 2005: 20–26). Алайда қазіргі заманғы спутниктік түсірілімдер мен дрон түсірілімдерін қолдану нәтижесінде мұндай жерасты су жүйелерінің таралу аймағы әлдеқайда кең болғаны анықталды. Атап айтқанда, кәріз іздері Сауран, Майдантал, Бабайқорған, Қосмезгіл, Қарнақ, Қотырбұлақ (Құшата маңы), Түркістан, Иқан және Шобанақ елді мекендері маңынан да анықталды (Тұяқбаев және т.б., 2014).

Кәріз жүйелерінің құрылымы, таралу аймағы және пайдаланылуы туралы маңызды мәліметтерді XIX ғасыр соңында зерттеу жүргізген Е. Смирнов еңбегінде егжей-тегжейлі сипаттаған. Бұл деректер кәріздердің Түркістан оазисіндегі суармалы егіншілік пен қалалық инфрақұрылымда шешуші рөл атқарғанын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген тарихи деректерді археологиялық барлау нәтижелерімен салыстыра талдау барысында бірқатар ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік туды. Біріншіден, Қазақстан аумағына ислам дінінің таралуы барысында Сирия өңірінен шыққан Сури атты этникалық-діни топтың Түркістан маңына қоныстанғаны жөніндегі мәліметтер деректік тұрғыдан нақтылана түсті. Екіншіден, аңыздық және жазба деректерде кездесетін Қожа Ахмет Ясауидің ұлы Ибраһимнің өліміне қатысты оқиғалар Сури қауымымен байланыстырылады, бұл аймақтың діни-әлеуметтік тарихындағы күрделі үдерістерді көрсетеді.

Археологиялық барлау барысында алынған материалдар, картографиялық, спутниктік және дрон түсірілімдерін кешенді талдау нәтижесінде ортағасырлық Сури қаласының ықтимал орны ретінде Қойбота қалашығын негіздеуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар Көктонды ата кесенесінің астында жатқан қоныс, Қойбота қаласы және оған тартылған Сури кәріз жүйесі өзара тығыз байланысты біртұтас тарихи-археологиялық кешен ретінде қарастырылуы тиіс.

Осы себепті аталмыш нысандарды кешенді археологиялық зерттеуден өткізу, олардың хронологиясын нақтылау және мемлекеттік қорғауға алу өңірдің ортағасырлық қалалық мәдениеті мен суару жүйелерін зерттеуде аса маңызды ғылыми міндеттердің бірі болып табылады.

## Қорытынды

Археологиялық барлау материалдарын, жазба деректерді, топонимикалық мәліметтерді, картографиялық және спутниктік бақылау нәтижелерін өзара салыстыру арқылы Сури қаласының нақты локализациясы жөніндегі бұрынғы ғылыми болжамдар қайта қаралды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері ортағасырлық Сури қаласының Түркістан өңіріндегі Қойбота ескерткіші ететіндігін көрсетті. Археологиялық барлау нәтижелері Қойбота қалашығы, Сури арығы және оған жалғасқан көне кәріз жүйелері біртұтас ортағасырлық қалалық-сәулеттік кешен болғанын көрсетеді. Бұл кешеннің құрылымы, географиялық орналасуы және мәдени қабаттарынан жиналған материалдар Қойбота қалашығын тарихи деректерде аталған Сури қаласының орны екендігіне негіз болуда. Сонымен қатар Көктонды ата кесенесі маңындағы археологиялық қабаттардың болуы бұл аумақтың ерте және кейінгі ортағасыр кезеңдерінде үздіксіз қоныстанғанын айғақтайды.

Зерттеу барысында Сури атауының Сирия (Шам) өңірімен тарихи байланысы, ислам дінінің Оңтүстік Қазақстан аумағына таралу үдерісімен сабақтастығы және Қожа Ахмет Ясауи дәуіріндегі діни-мәдени ахуалмен байланысы ғылыми тұрғыда негізделді. Жазба деректер мен ауызша тарихи мәліметтерді салыстырмалы талдау Сури халқының Түркістан оазисіне қоныстануы, олардың шаруашылық және діни өмірдегі орны туралы маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, Қойбота – Сури қалашығын, Сури кәріз жүйелерін және Көктонды ата кесенесі астындағы археологиялық нысандарды кешенді түрде зерттеу, оларды мемлекет қорғауына алу және ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі айқындалды. Аталған ескерткіштерді сақтау мен зерделеу Түркістан өңірінің тарихи-мәдени мұрасын толықтырумен қатар, мәдени-танымдық және сакралды туризмді дамытуға да елеулі үлес қоса алады. Болашақта кешенді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу Сури қаласының тарихи бейнесін нақтылап, оның аймақ тарихындағы орнын толық ашуға мүмкіндік береді.

## References

- Ashimuly, 2021 — *Ashimuly Sh.* Otken aziz aulieler [The saints of the past]. Kyzylorda: Kyzylorda-kanagaty, 2021. 500 p. [In Kaz.].
- Baypakov, 1977 — *Baypakov K.M.* O lokalizacii pozdnesrednevekovykh gorodov Kazahstana [On the localization of late medieval cities in Kazakhstan] // *Sovetskaya arheologiya*, № 2. 1977. Pp. 201–209. [In Russ.].
- Baypakov, 1985 — *Baypakov K.M.* Issledovaniya v Otrarском oazise i Talasskoy doline [Research in the Otrar Oasis and Talas Valley] // *Arheologicheskie Otkrytiya 1983 goda*. Moscow: Nauka, 1985. 503 p. [In Russ.].
- Baypakov, Azimhan, 2013 — *Baypakov K., Azimhan A.* Vse dorogi vedut v Turkestan [All roads lead to Turkestan]. Almaty.: A. Kh. Marghulan Institute of Archeology, 2013. 233 p. [In Russ.].
- Baypakov, Nurzhanov, 1992 — *Baypakov K. Nurzhanov A.* Uly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakstan [The Great Silk Road and Medieval Kazakhstan]. Almaty: Kazakstan, 1992. 208 p. [In Kaz.].
- Baypakov, Smagulov, 2005 — *Baypakov K.M., Smagulov E.A.* Ortagasyrlyk Sauran shahary [The medieval city of Sauran]. Almaty: Sredo, 2005. 202 p. [In Kaz.].
- Dobrosmyslov, 1912 — *Dobrosmyslov A.I.* Goroda Syr-Dar'inskoy oblasti [Cities of the Syr Darya region]. Tashkent: El.-par. tipo-lit. O.A. Porceva, 1912. 204 p. [In Russ.].
- Eleuov, 2006 — *Eleuov M.* Turkistan oazisinен 2004-2015 zhyldary ashylgan ortagasyrlyk eldi mekender men kalalar [Medieval settlements and cities discovered in the Turkestan oasis in 2004-2015] // *Turan-Turkistan: tarihi-madeni sabaktastyk maseleleri Ezhelgi dauir zhane ortagasyrlar*. Turkistan: HKTU, 2006. 170 p. [In Kaz.].
- Hafiz, 1989 — *Hafiz-i Tanysh ibn Mir Muhammad Buhari.* Sharaf-nama-yi Shahi (Kniga shahskoy slavy) [Sharaf-nama-yi Shahi (The Book of the Shah's Glory)]. Part. 2. Transl. by M.A. Salahetdinova. M.: Nauka, 1989. 560 p. [In Russ.].
- Hashimov, 2001 — *Hashimov M.* Religioznye i duhovnye pamyatniki Centralnoy Azii [Religious and spiritual monuments of Central Asia]. Almaty: SAGA, 2001. 255 p. [In Russ.].
- Kaiyrken, Iliasova, 2020 — *Kaiyrken T.Z., Iliasova Z.S.* Ortaғасырлық jazba derekterdegi Ispidjab jane onın toniregindegi kalalar men eldimekender [Ispidjab and its surrounding towns and settlements in medieval written sources] // *Edu.e-history.kz Elektrondy Gylymi Jurnalы*. 1(21). 2020. Pp. 242–252. [In Kaz.].
- Korganbekov, 2014 — *Korganbekov B.* Kozha Ahmet Yasauı esimimen baylanysty anyz, apsana, hikayalar [Legends, myths, and stories associated with the name of Khoja Akhmet Yassawi]. Almaty: Effekt, 2014. 186 p. [In Kaz.].

- Kozha, 2008 — *Kozha M.* Ahmet Yasaui esimimen baylanysty tarihi oryndar [Historical places associated with the name of Akhmet Yassawi] // Kozha Ahmet Yasaui muralary men iliminin zerttelu maseleleri. Turkistan: HKTU, 2008. Pp. 96–99. [In Kaz.].
- Matveev, Sazonov, 2004 — *Matveev K., Sazonov A.* Pyat zhizney drevney Suri [Five Lives of Ancient Suri]. Moscow: Amrita – Rus, 2004. 176 p. [In Russ.].
- Murgabaev, et al., 2014 — *Murgabaev S., Bahtybaev M., Nurhanov B., Maldybekova L.* Nekotorye rezultaty issledovaniya na mogil'nike epohi bronzy Karasuyir III [Some results of the research at the Karasuyir III Bronze Age burial ground] // Kazakstan Respublikasy ulttyk gylım akademiya synyn habarlary. No. 5. 2014. Pp. 23–29. [In Kaz.].
- Musabaev, 2022 — *Musabaev K.S.* Ortagasyrlyk Suri kalasynyn orynyn anyktau [Locating the medieval city of Suri] // «1920-1950 zhyldardagy Kazakstandagy sayasi qugyn-surgin» takyrybyna arналган Respublikalyk gylım-tazhiribelik konferenciya» (Respublikalyk gylım-tazhiribelik konferenciya materialdary. 7 zheltoksan 2022 zhyly). Turkistan: ZhK «Myrza» baspasy, 2022. Pp. 171–184. [In Kaz.].
- Ondasynov, 1969 — *Ondasynov N.* Arabsha-kazaksha tusindirime sozdik [Arabic-Kazakh explanatory dictionary]. Almaty: Kazakstan, 1969. 250 p. [In Kaz.].
- Rychkov, 1887 — *Rychkov P.I.* Topografiya Orenburgskoy gubernii [Topography of the Orenburg province]. Orenburg: Imperatorskoe Russkoe Geograficheskoe Obshchestvo, 1887. 385 p. [In Russ.].
- Sizdikov, et al., 2025 — *Sizdikov B.S., Gursoy M., Kozha M.B., Zhetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S., Alimbekuly A., Almazuly Sh.* Ezhelgi Kultobe kalasy: arheologiyalyk zhane panaralyk zertteulerdin natizheleri [The ancient city of Kultobe: results of archaeological and interdisciplinary research]. Almaty: ADAL KITAP, 2025. 193 p. [In Kaz.].
- Smagulov, 2004 — *Smagulov E.* Arabskoe nashestvie v Yuzhnyi Kazahstan: dannye pis'mennyh i arheologicheskikh istochnikah [The Arab invasion of Southern Kazakhstan: evidence from written and archaeological sources] // Mobilizovanniy arheologiyey. Astana: ENU, 2004. Pp. 103–113. [In Russ.].
- Smirnov, 1887 — *Smirnov E.* Ustrojstvo karyzov i raschistka klyuchey bliz g. Turkestana [Construction of kariz and clearing of springs near the city of Turkestan] // Syr-Darinskaja oblast. Peterburg, 1887. Pp. 118–120. [In Russ.].
- Tuyakbaev, et al., 2011 — *Tuyakbaev M., Oserov T., Musabaev K., Kumisbaeva U.* Gauhar ana saganasy manyndagy 2011 zh. mamyr aynda zhurgizilgen arheologiyalyk kazba zhumystarynyn Esebi [Report on archaeological excavations conducted in May 2011 near the Gauhar Ana monastery]. Turkistan: Aziret Sultan muragaty, 2011. [In Kaz.].
- Tuyakbaev, et al., 2014 — *Tuyakbaev M., Musabaev K., Oserov T., Tadzhibaev N., Absadyk Zh., Karim A., Nazarov N., Akaev B.* Turkistan zhazirasynyn Sidak mikrooazisinde zhurgizilgen 2014 zhyly arheologiyalyk barlau zhumystarynyn Esebi [Report on the 2014 archaeological exploration work carried out in the Sidak micro-oasis of the Turkestan Peninsula]. Turkistan: Aziret Sultan muragaty, 2014. [In Kaz.].
- Tuyakbaev, et al., 2015 — *Tuyakbaev M., Oserov T., Musabaev K.* Arheologiya zhane eskertkishterdi korgau boliminin 2015 zhyly atkargan zhumystarynyn Esebi [Report on the work of the Department of Archaeology and Monument Protection in 2015]. Turkistan: Aziret Sultan muragaty, 2015. [In Kaz.].
- Zhandarbek, 2002 — *Zhandarbek Z.* «Nasab-nama» nuskalary zhane turki tarihy [Variants of "Nasab-nama" and Turkic history]. Almaty: Dayk-Press, 2002. 168 p. [In Kaz.].

#### Әдебиеттер тізімі

- Әшімұлы, 2021 — *Әшімұлы Ш.* Өткен әзиз әулиелер. Қызылорда: «Қызылорда-қанағаты», 2021. 500 б.
- Байпаков, 1977 — *Байпаков К.М.* О локализации позднесредневековых городов Казахстана // Советская археология, № 2. 1977. С. 201–209.
- Байпаков, 1985 — *Байпаков К.М.* Исследования в Отрарском оазисе и Таласской долине // Археологические Открытия 1983 года. Москва: Издательство Наука, 1985. 503 с.
- Байпаков, Азимхан, 2013 — *Байпаков К., Азимхан А.* Все дороги ведут в Туркестан. Алматы: Институт археологии им. А. Х. Маргулана, 2013. 233 с.
- Байпаков, Нұржанов, 1992 — *Байпақов К. Нұржанов А.* Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 1992. 208 б.
- Байпақов, Смағұлов, 2005 — *Байпақов К.М., Смағұлов Е.А.* Ортағасырлық Сауран шаһары. Алматы: «Credo», 2005. 202 б.
- Добросмыслов, 1912 — *Добросмыслов А.И.* Города Сыр-Дарьинской области. Ташкент: Эл.-пар. типо-лит. О.А. Порцева, 1912. 204 с.
- Елеуов, 2006 — *Елеуов М.* Түркістан оазисінен 2004–2015 жылдары ашылған ортағасырлық елді мекендер мен қалалар // Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері Ежелгі дәуір және ортағасырлар. Түркістан: ХҚТУ, 2006. 170 б.
- Жандарбек, 2002 — *Жандарбек З.* «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 168 б.
- Қайыркен, Ильясова, 2020 — *Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.* Ортағасырлық жазба деректердегі Испиджаб және оның төңірегіндегі қалалар мен елді мекендер // Edu.e-history.kz Электрондық Ғылыми Журналы. 1(21). 2020. Б. 242–252.

- Қожа, 2008 — Қожа М. Ахмет Ясауи есімімен байланысты тарихи орындар // Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері. Түркістан: ХҚТУ, 2008. Б. 96–99.
- Қорғанбеков, 2014 — Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, эпсана, хикаялар. Алматы: Эффект, 2014. 186 б.
- Матвеев, Сазонов, 2004 — Матвеев К., Сазонов А. Пять жизней древней Сури. Москва: Амрита – Рус, 2004. 176 с.
- Мургабаев, 2014 — Мургабаев С., Бахтыбаев М., Нурханов Б., Малдыбекова Л. Некоторые результаты исследования на могильнике эпохи бронзы Карасуйир III // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. №5. 2014. С. 23–29.
- Мұсабаев, 2022 — Мұсабаев Қ.С. Ортағасырлық Сури қаласының орын анықтау // «1920–1950 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін» тақырыбына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция» (Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 7 желтоқсан 2022 жыл). Түркістан: ЖК «Мырза» баспасы, 2022. Б. 171–184.
- Оңдасынов, 1969 — Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1969. 250 б.
- Рычков, 1887 — Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург: Императорское Русское Географическое Общество, 1887. 385 с.
- Сиздиқов, т.б., 2025 — Сиздиқов Б.С., Гурсой М., Қожа М.Б., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Әлімбекұлы Ә., Алмазұлы Ш. Ежелгі Күлтөбе қаласы: археологиялық және пәнаралық зерттеулердің нәтижелері. Алматы: ADAL КІТАП, 2025. 193 б.
- Смагулов, 2004 — Смагулов Е. Арабское нашествие в Южный Казахстан: данные письменных и археологических источниках // Мобилизованный археологией. Астана: ЕНУ, 2004. С. 103–113.
- Смирнов, 1887 — Смирнов Е. Устройство карызов и расчистка ключей близ г. Туркестана // Сырь-Дарьинская область. Петербург, 1887. С. 118–120
- Тұяқбаев, т.б., 2011 — Тұяқбаев М., Өсеров Т., Мұсабаев Қ., Күмісбаева Ұ. Гауһар ана сағанасы маңындағы 2011 ж. мамыр айында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының Есебі. Түркістан: Өзірет Сұлтан мұрағаты, 2011.
- Тұяқбаев, т.б., 2014 — Тұяқбаев М., Мұсабаев Қ., Өсеров Т., Таджибаев Н., Әбсадық Ж., Кәрім А., Назаров Н., Ақаев Б. Түркістан жазирасының Сидак микроазисінде жүргізілген 2014 жылғы археологиялық барлау жұмыстарының Есебі. Түркістан: Өзірет Сұлтан мұрағаты, 2014.
- Тұяқбаев, т.б., 2015 — Тұяқбаев М., Өсеров Т., Мұсабаев Қ. Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімінің 2015 жылы атқарған жұмыстарының Есебі. Түркістан: Өзірет Сұлтан мұрағаты, 2015.
- Хафиз, 1989 — Хафиз-и Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. Шараф-нама-йи Шахи (Книга шахской славы). Ч. 2. Переводчица М.А. Салахетдинова. Москва: Наука, 1989. 560 с.
- Хашимов, 2001 — Хашимов М. Религиозные и духовные памятники Центральной Азии. Алматы: САГА, 2001. 255 с.

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Abdimomynov N.T., Osanova A.O., Djumashev A.</b> FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) .....	7
<b>Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.</b> THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
<b>Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.</b> THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

## HISTORY

<b>Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
<b>Barm E., Satayeva B.</b> THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
<b>Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.</b> THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
<b>Zholdassuly T., Madelkhanova M.</b> THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
<b>Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.</b> SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	110
<b>Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.</b> FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	124
<b>Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.</b> DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	138
<b>Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.</b> AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	154
<b>Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.</b> POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	168
<b>Mukhatova O.Kh., Seffat D.</b> KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES .....	181
<b>Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.</b> FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	194
<b>Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.</b> SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	210
<b>Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.</b> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
<b>Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	240
<b>Teleuova E.T., Zhumadil A.K.</b> THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	255

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.</b> KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	269
<b>Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A.</b> THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	281

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....</b>	<b>7</b>
<b>Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....</b>	<b>23</b>
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....</b>	<b>36</b>

### ТАРИХ

<b>Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....</b>	<b>46</b>
<b>Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>62</b>
<b>Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>79</b>
<b>Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....</b>	<b>95</b>
<b>Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>	<b>110</b>
<b>Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....</b>	<b>124</b>
<b>Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....</b>	<b>138</b>
<b>Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....</b>	<b>154</b>
<b>Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....</b>	<b>168</b>
<b>Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҒЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....</b>	<b>181</b>
<b>Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....</b>	<b>194</b>
<b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....</b>	<b>210</b>
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....</b>	<b>225</b>
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....</b>	<b>240</b>
<b>Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....</b>	<b>255</b>

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>	<b>269</b>
<b>Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....</b>	<b>281</b>

## СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М.</b> «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....	7
<b>Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А.</b> ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	23
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М.</b> ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....	36

### ИСТОРИЯ

<b>Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А.</b> КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....	46
<b>Барын Е., Сагаева Б.</b> КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	62
<b>Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И.</b> БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....	79
<b>Жолдасулы Т., Маделханова М.</b> СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....	95
<b>Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х.</b> СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	110
<b>Кокебаева Г.К., Бисембайулы М.</b> ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....	124
<b>Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е.</b> ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....	138
<b>Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М.</b> АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....	154
<b>Мукаметханулы Н., Курбанали Ж.</b> ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....	168
<b>Мухатова О.Х., Сеффат Д.</b> КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....	181
<b>Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З.</b> СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....	194
<b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А.</b> ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....	210
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С.</b> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....	225
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А.</b> ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....	240
<b>Телеуова Э.Т., Жумадил А.К.</b> ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....	255

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О.</b> КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	269
<b>Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А.</b> ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....	281

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13 (1)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй